

Н. Нурғазыұлы, 2 курс
Ғылыми жетекшісі: Д. А. Мергембаев, қылмыстық құқық және
криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

АДАМ САУДАСЫ

Адамды саудалау, адамды бостандығынан айыру мәселесі сонау алғашқы қауымдық құрылыстан яғни құлиеленушілік дәуірінен бастау алып келеді. Алғашқыда соғыс тұтқындары, қарыздарын өтей алмаған кедейлер құлға айналдырылды. Кейіннен құл саудасы кеңінен өріс алды. Дәстүрлі қазақ қоғамында да құлдықтың кейбір белгілері сақталды. Мысалы, соғыс тұтқындары құлға айналдырылды, бірақ мұнда ежелгі Грекия, Египет, Рим елдеріндегі сияқты құлдықтың классикалық үлгісі болған жоқ. Құл еңбегі көшпелі тұрмыста

тиімсіз болғандықтан, қазақ қоғамы құлдарды ерікті қауым мүшелері ретінде ұстауға тырысты.

1948 жылы БҰҰ қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы құлдық пен құл саудасының барлық түріне тыйым салады. 1956 жылы 59 мемлекет өкілдері қатысқан Женева конференциясы құлдықты, құл саудасын, құлдыққа жақын әдет-ғұрыптар мен институттарды жою жөнінде қосымша конвенция қабылдады.

Ақпарат құралдарының мәліметтеріне сүйенсек адам саудасы — қазіргі таңда қару-жарак пен есірткі саудасынан кейінгі үшінші орында тұр. Осы қылмыспен айналысатын криминалдық топтардың табыстары жылына 7-8 млрд. долларға жететіндігі аталған қылмыстың жылдан-жылға өсіп отырғандығын аңғартады.

Менің ойымша, елімізде дәл осындай жағдайдың орын алуының негізгі себебі ол әрине осындай адамның ойына келмейтін ауыр қылмыстар үшін республикамыздың заңдарында көрсетілген жазалардың тым жеңілдігі.

Адамды бостандығынан айырып, саудаға салу — қоғамдағы ең ауыр да қатыгез қылмыстардың бірі, адами тұрғыдан алып қарағанда да қылмыстың бұл түрін «адам өлтірумен» теңестіруге болады, себебі, әр адамның тағдыры өз қолында болған жағдайда ғана, адам өмірінің мәні болады, ал құлдықта, біреудің айдауында жүрген адамның сыртқы денесін ғана жанды адамға жатқызуға болады. Адамды еріксіз, күштеп бас бостандығынан айыру, адам еңбегін заңсыз пайдалану — бұл Ата Заңымызға қайшы әрекет, себебі Қазақстан Республикасының Конституциясы бірінші қатарға жеке адам мен адам еркіндігін қояды. Адамды бостандығынан айыру мәселесі жайлы Қазақстан Республикасының заңдарына сүйенетін болсақ, адам саудасының түрлері көп. Мысалы: «мәжбүрлі еңбек», «жыныстық мақсатқа пайдалану», «үй қылмысы», «қайыршылыққа мәжбүрлеу» т.б.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде осы мәселеге байланысты бірнеше баптар бар. Олар: адамның дене мүшелері мен тәнін сатуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу (113-бап), кәмелетке толмаған жасөспірімдерді саудаға салу (133-бап), адамды ұрлау (125-бап), бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап), саудаға салу (128-бап), кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-бап). Жоғарыда аталғандардың ішінен «кәмелетке толмаған жасөспірімдерді саудаға салу» яғни, 133-бапқа тоқталып өтсек: Соңғы 8 жылда Қазақстан аумағында балаларды саудалаған 101 оқиға тіркелген. Бұл әрине тіркелгендері ғана. Көбінесе белгілі бір себептермен далада қалған немесе әлеуметтік ахуалы тым төмен отбасыларының балалары. Бұл мемлекеттен көмек күтетін балалар, олардың назардан тыс қалатын себебі мемлекеттік мекемелерде болатынын, құл сатушылармен ауыз жаласқан әлгіндей мекеме басшылары кәмелеттік жасқа толмаған балаларды сатып пайда табады. Ең сорақысы сол соңғы жылдары тұрмыстан тарыққан кейбір ата-аналардың өз балаларын саудалаған жағдайлары да кездеседі. Биылғы жылы осындай фактілер бойынша 4 қылмыстық іс қозғалған.

Менің осы қылмыстардың ішінен «кәмелетке толмағандарды саудаға салу» бабына тоқталу себебім, еліміздің болашағы жастар болғандықтан, қазірден шетелге сатылып кетіп жатқан балалардың тағдыры баршамызды алаңдатуы тиіс.

Елімізде адам саудасы 90-жылдары өзекті саналғанымен, билік тарапынан алдын алу және күрес шаралары 2001 жылдан кейін ғана жүргізіле бастаған. Адам саудасы ер азаматтардың еңбегі, қыз келіншектердің тәнін сатумен шектелмейді. Әсіресе жас балалар саудасының өршу себебі, олардың организміне сұраныс басым. Биоинженерлік технологияның қарыштап дамығаны сонша, адам ағзасындағы маңызды мүшелердің ең қымбаты өз құнын жоғалта бастаған. Айталық, сау өкпенің құны 116,4 мың АҚШ долларына тең екен, бүйректі — 91,4 мың долларға сатып алуға болады. Адам ағзасында өндірілетін антидене ең қымбат болып саналады. Оны сатқан қожайын 7,3 млн. долларға ие болады. АҚШ медициналық және қауіпсіздік ұйымдарының есептеуінше, бүгінде 1 адамның құны 45 млн. доллардан асады екен.

Кәмелетке толмаған баланы шетелге заңсыз әкету бұл сатылған баланы жалған құжаттармен жасырын әкету жолымен де, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіппен асырап алуды рәсімдеу арқылы да жүзеге асырылады, бірақ ол баланы сатумен байланысты болуы да мүмкін.

Сөзімді аяқтамас бұрын, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің тағы да бір түріне айналып отырған — шетел азаматтарының Қазақстаннан бала асырап алуына тоқталып кеткім келіп отыр. Халқымызда «жетімін жылатқан оңбас» деген аталы сөз бар. Бірақ мәліметтерге қарасақ, оның ішінде мүгедек жетім, түрлі ауыр дертпен ауыратындарды, жалпы жасөспірімдердің құқын таптайтын үлкендер ісінің кісілік ниеттен шыққандығын көреміз. Дегенмен — ондай адамдар арамызда көп деп отыру халқымызға жараспайды. Сондықтан Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында балалар құқығы туралы ерекше аталып көрсетілді.

Шетелге асырауға әкетіп жатқан балалардың тағдыры әркімді алаңдатпай қоймайды. Асырап алу балалар үйі арқылы жүзеге асады немесе перзентхана арқылы яғни кей кезде жаңа туған балалардан аналары бас тартады. Бірақ кейде балаларынан бас тартпаған аналардың балаларын өлді деп шетелге пайда табу мақсатында сату жағдайлары да орын алады. Бала туылғаннан кейін анасынан аман-сау туған баласын жасырып, өлі баланың мәйітін беріп, пайда табу мақсатында шетелге сатып жататын жан түршігерлік істер ашылып жатады. Өкінішке қарай жаңағыдай жағдайға қарамастан баланы саудаға салған дәрігер жай ғана сөгіс алып жұмысын жалғастырып жатыр. Елімізде жоғарыда айтылғандай ақылға сыймайтын жағдайлар орын алады. Менің ойымша дәл осындай аты шулы қылмысты дер кезінде аяғына дейін тергеп, тиісті жазасын бермегеннен кейін, ендігі қылмыстың бұл түрін алдын-алу қиынға соғады.

Қазіргі таңда әлемдік статистикаға сүйенсек, перзентін шетелге асырауға беретін мемлекеттердің ішінде Қазақстан алдыңғы орында екен. Бар жоғы 15 млн. ғана халқы бар қазақ ұлтының мұндай тәуекелге баруы бекершілік сияқты. Оның үстіне әлемнің бұрыш-бұрышынан келіп балаларды алып кетіп жатқандар қандай мақсатпен асырап алып жатқанын, ол баланың болашағы қандай болатыны беймәлім күйде қала бермек. Жалпы айтқанда жоғарыда айтылған мәселелердің шешу жолы ретінде біріншіден, бұл қылмыстарға қолданылатын заңдарды күшейту керек. Екіншіден, осы қылмыстармен күрес жұмысын жүргізетін құқық қорғау органдарының белсенділігін жоғарылату қажет. Үшіншіден, шетелге асырап алуға жіберілген кәмелетке толмағандардың бөтен мемлекеттегі өмірі мен болашағы қандай болатынын, асырап алушының мінез-құлқы мен шын ниеті қандай екенін бақылайтын арнайы органдардың жұмысын күшейту керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, адам саудасына жаппай тосқауыл қою мәселесіне біздің ел азаматтары да барынша көңіл бөліп, осы бір келеңсіз құбылыстың жолын кесуге өз үлестерімізді қоссақ екен дейміз.